

Желтоқсан айы 2022жыл 1 апта
«Жұлдызша» ересек тобы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 05.12.2022	Сейсенбі 06.12.2022	Сәрсенбі 07.12.2022	Бейсенбі 08.12.2022	Жұма 09.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Қар жауғанын көрді ме сұрау (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Қыс мезгіліндегі сауықтыру шаралары туралы ата-аналарға кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояту, Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қолорамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымыю) Бірге күліп жүреміз.				

	Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу. Өзіңе қалай көмектесесің? Балалардың ойын тыңдау. Ал өзгелерге қалай көмектесуге болатынын сұрау? Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша «Шеберін-ай Аяздың!» М.Жаманбалинов Шеберін-ай аяздың: Суреттерді әр үйге, Әйнектерді қағаз ғып, Әйнектердің бәріне, Әшекейлеп қойыпты, Түнде салып береді, Бірнеше ою ойыпты Көзі қалай көреді? Тақпақты жаттату, Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтармен жаңылтпаштар айтып қызу. Қыс туралы жаңылтпашты қайталап айтуын ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту) Терезеге қарап, аяздың салған өрнектерін	Музыка маманының жоспары бойынша «Үш аю», «Түлкі мен тырна» ертегілерін естеріне түсіру. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қар апапайым қойылымдарды ойынауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру. (көркем әдебиет) Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қазақ тілі Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық ерекшеліктерді, анық және анықсыздықты айтуға баулу. Ересек адамдарға біз қалай көмектесеміз? Мысалы анамыз бен әжемізге? Балалардың пікірлерін тыңдау. Қыс мезгілінде ата аналарына қалай көмектесуге болатын бейнеленген суреттер бойынша толықтырып әңгімелету. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Ойын «Тілді жалпақ	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Терезеге қарап бүгінгі ауа райын бақылау. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың суретін салу, салуды, қағаздан қиып жапсыру.	Музыка маманының жоспары бойынша Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін сыйлыққа беріп жібергенін айтып, көрсету. Өз бетінше таңдап киген соң ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. (көркем әдебиет) «Ғажайып қоржын» ойынын ойнату. Қоржынның ішіндегі геометриялық пішіндерді сипаттау арқылы ерттеуіне жағдай

	салу, балалардың қалауы бойынша бояу немесе қаламдарды пайдалану. (сурет салу)	үйретуЕрмексазdan фигураларды жасату. (математика негіздері)	қыл» (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) «Аналарымыздың көмекшілеріміз» айдарымен ою элементтерініңретін,ола рдыңарасындағыарақаш ықтықтысақтауды,пішін інескереотырып,ұлттық ою- өрнектерментұрмыстық заттарды,ыдыстардыбез ендірудағдыларын дамыту. (жапсыру)		жасау. Атауын айту дағдысын дамыту. (математика негіздері)
Серуенгедайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал- жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қардан камал құрастыру. Қардың қасиеттерімен таныстыру. (құрастыру) Қардың қасиеттерін зерттеу. Оның түсін, пішінін анықтау. Шелекке салып жылы	Қыстайтынқұстарға жем бергізу. Қардан геометриялық пішіндерді жасату, сонымен қатар арнайы қалыптарға салып пішіндердің реттілігін сақтап бір жолаққа орналастыруды	Қардың бетіне шеңбер сызып қою. Балалар қол ойыншықтармен шеңбер «қанша болды?», сызығының бойымен «қаншасы қалды?» тұрады. Музыка сұрақтарын қою қойылған соң балалар арқылы жеке және ортада тұраған баланы топтық ойындар айналып жүреді. Кім ұйымдастыру шеңберден шықса сол (математика негіздері) ортаға тұрады. Топта	Алып шыққан ойыншықтармен «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы жеке және топтық ойындар ұйымдастыру (математика негіздері)	Қыс мезгілінде ағаштар не істейді? Зерттеу жұмысы. Қардың жылуды өткізбейтін қасиеті туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу. (қоршаған ортамен танысу)

	жерге алып келгенде не болатынан анықтату. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын: «Кім жылдам»	үйрету. (қоршаған ортамен танысу) Балалардың жақсы көретінін әнін айтқызу, би билету. (музыка) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	жұмыс жасау дағдыларын дамыту. (қоршаған ортамен танысу) Аққалалар жасату. Жасаған аққалаларын бойы пішіні қандай? салыстыру. (математика негіздері) Қимылды ойын «жоғары лақтыр»	Қардан жұлдызкұрт жасау. (құрастыру) Қимылды ойын «Өз «Үйінді тап»	Қар бетінде табиғи құбылыстарды бейнелету (сурет салу) Қимылды ойын «Кешікпе»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды пысықтау. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану барысында мәдениетті тәрбиелеу (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту, тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау, ұқтату. Балаларға қыс туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				

Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды уару (қоршаған ортамен танысу)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	(жапсыру) Күзде кептіріп қойған өсімдіктерді жапсырып, оның біріне қырауды бейнелету. Жапсыруда бірізділікті ескере отырып, жапсыруда дағдыларын қалыптастыру (мүсіндеу) Ақ түсті ермексазdan далада қардан құрастырылған қамалдарды жасату.	(құрастыру) Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, қысқы табиғат тақырыбында композиция құрастыруды үйрету (Сөйлеуді дамыту) Кітаптардан қыс мезгілі туралы суреттерді қарату. Суреттер бойынша ойдан ертегі құрастыруға мүмкіндік беру	жапсыру Балаларды орталықтарға бөлу. Далада жасаған аққалаларын қағаздан қиып жапсыруды үйрету. (сурет салу) Сюжеттік композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді жетілдіру. Қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет салдыру.	(қоршаған ортамен танысу) Көліктүрлерінің қол данысын (әуе, су, жер дежүретін көліктер) ажырата білуін ұйымдастыру Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратына да мұқияттықпен туралы білімдерін жетілдіру. Қысқы көліктер туралы білімдерін жетілдіру. Шана шаңғы туралы не білетіндерін сұрау.	(сөйлеуді дамыту) Ертегі кітаптарын қарау. кітаптан балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. (мүсіндеу) Оқылған ертегі желісі негізінде көлемді пішіндер мен композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалау.
Балалардың үйге қайтуы	Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Қысқы ойындарды ойнау. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстырып отыру.				

Желтоқсан айы 2022жыл 2 апта
«Жұлдызша» ересек тобы

Күнтәртібініңкезеңдері	Дүйсенбі 12.12.2022	Сейсенбі 13.12.2022	Сәрсенбі 14.12.2022	Бейсенбі 15.12.2022	Жұма 16.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы мінез құлқын қалыптастыру бойынша кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, (сөйлеуді дамыту) Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)				
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Таңғы жиын. Балаларға жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеуді ұйымдастыру. «Қазақстан, отан туралы не білесің?» тақырыбында әңгімелесу. «Менің елім» деген нені білдіреді ойларын				

дайындық	сұрау. Суреттер арқылы түсіндіру. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	Қазақстанның туы мен елтаңбасын көрсету. Оларды танып атауы, сипаттауын ұйымдастыру. Ән ұранды орындату. Бұл заттардың барлығы тәуелсіздіктің белгісі екенін айтып түсіндіру. (көркем әдебиет) Тудың суретін салу.	Әдебишығармаларды мұқияттыңдауды үйрету. «Қардан жасалған гүл» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен гүлдің суретін салу, тұзды қамырдан гүлдің мүсінін жасату, қағазды бүктеу арқылы ақ қағаздан гүл жасату. Балалардың жасаған жұмыстарының ұқсастықтарымен айырмашылықтарына байқауды үйрету. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	«Менің қалам» тақырыбында үйлер құрастыру. Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуына ықпалындау. Дайын құрылыс пен түрлі ойындаройнауға ынталандыру. (құрастыру) «Қардан жасалған гүл» ертегісін естеріне түсіру. Шығарма мазмұнын бойынша сұрақтарға жауап беруді үйрету (көркем әдебиет)	(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Қазақстан байрағы Көк байрақтың бетінде Қыран бүркіт қанатты Сол қырандай еркіндеп, Балаөседі талапты. <i>М. Әлімбаев</i> Қазақстан Кең даласын Егін жапқан, Бар баласы Бақыт тапқан. Менің жерім, Тұған жерім, Туған елім – Күн сәулелі Қазақстан! <i>Ж. Молдағалиева</i> тақпақтарын жаттату. Балабақшаның мерекелік ертеңгілігіне қатысу Ойын. Бірнеше балаларды тізбекке қойып, оңға солға, екі рет оңға, екі рет солға сияқты тапсырмаларды беру. (математика негіздері) Кеңістік бағыттарын өзінестіріп, бағыттарын анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру дағдыларын дамыту.	

Серуенге дайындық	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Балабақшада ілініп немесе бейнеленіп тұрған жерге алып бару. Қалай құрмет көрсету керектігін сұрау. Балалардың жауаптарын толықтыру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» Қарды күрекшелермен тазалау. Өз ойын аландарын қардан тазалауда шелекті пайдалану, балалардың бірлескен әрекетін ұйымдастыру. (құрастыру)	Қардан гүл жасау. Жасаған гүлдері туралы бірі біріне айтып беру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу (сөйлеуді дамыту) заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда шырша, солағымда аяқ) айтуды үйрету. (математика негіздері) Спорттық жаттығу: Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.	Балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру. Аула тазалығының жұмыстарына қатыстыру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Ханталапай» Қарда таяқпен сурет салу. (сурет салу)	Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қар тазалау, қыстайтын құстарды қоректендіру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» «Көк тудың желбірегені» әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка)	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер				

	жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).
Түскіас	Түскіасалдындагигиеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссұрту, орамалдылұбарысында көркемсөзқолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)
Күндізгіұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) «Денсаулық-зорбайлық»сөзініңмәнінтүсіну,өзініңжасағаніс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуғаболатынын түсіну.Салауаттыөмірсалттытуралыұғымдардыкеңейту. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сұрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар).
Бесін ас	Кезекшілердіңжұмысы (асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	мүсіндеу, жапсыру «Менің Қазақстаным» тақырыбында шығармашылық жұмыс жасату.	(құрастыру) Құрылыс материалдарынан дербес әрекет жасату.	үсіндеу, жапсыру, сурет салу) Менің Қазақстаным тақырыбында суреттер қарату. балалардың қалауы бойынша топтарға бөлініп сурет салу, мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жүргізу.	(жапсыру) Табиғи материалдарды пайдаланып, Қазақстанның орманы тақырыбында жапсыру жұмысын жасату. (сурет салу, мүсіндеу) Балалардың ораманның суретін салу немесе ермексазdan жасату	
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды жылы киіндіру туралы кеңес беру. Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

Желтоқсан айы 2022жыл 3 апта

«Жұлдызша» ересек тобы

Күнтәртібініңкезеңдері	Дүйсенбі 19.12.2022	Сейсенбі 20.12.2022	Сәрсенбі 21.12.2022	Бейсенбі 22.12.2022	Жұма 23.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын: «Жануарларды тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) Балармен жеке жұмыс. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, желсоқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.				
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің				

	еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріндерші? Қыста не жауады? Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Қазақ халқының даналығы туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	Балаларды топтағы ұлттық бұрышқа алып бару. Онда қандай заттарды таниды атату. Демалық күндері қандай мереке тойладық сұрау. Жаттаған тақпақтарын, әндерін естеріне түсіріп айтқызу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу, ұлттық бұрыштағы	Киіз үйдің жабдықтарды көрсету. Балалардың әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше қарап, сипаттауға баулу (сөйлеуді дамыту) Киіз үйдегі заттарды салыстыру. Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып салыстыруды пысықтау (математика негіздері)	Бүгін аптаның қай күні, жылдың қай мезгілі туралы сұрау. Карточкалар арқылы тәулік бөліктерінің (тәулік, күндіз, кеш, түн) сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» күн тәртібіндегі іс-әрекеттерді тәулік бөлігінің қай	«Бата беру» тақырыбында әңгімелесу. Бата жаттату. (сөйлеуді дамыту) Бата беретін адамдардың суретін салуды ұсыну. (сурет салу)	«Қарлығаштың ұясы» ертегісін оқып беру. Қарлығаш туралы ақпарат беру, балалардың ойларын тыңдау. (сөйлеуді дамыту) Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарының пайдаланудағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Балалардың

	заттарға қарап бейнелеу немесе мүсінін жасау, қаласа дайын өрнектерді қоржындарға жапсыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)		кезінде болатынын айтқызу. (математика негіздері)		ұсынған ережелерін плакаттарға салып, топта іліп қоюын ұйымдастыру (қоршаған ортамен танысу, сурет салу)
Серуенгедайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында кездесетін пішіндерді табу, сипаттау. (математика негіздері) Қимылды ойын «Қояндар»	Қарда әр түрлі жануарлардың мүсінін жасату. Содан соң оны боялармен бояту. (сурет салу) Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар» Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешіккек өтерілу, төбешіктент үскендете жеу	Қардан қалашық құрастыруды үйрету. (құрастыру) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында кездесетін пішіндерді табу, сипаттау. (математика негіздері) Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» жел жаңбыр қардың дауыстары тану, атауды пысықтау.	(математика негіздері) Қимылды ойын Балабақша ауласындағы қар деңгейін анықтау. Сызғыш немесе таяқ арқылы орындықта, ағаштың үстінде, жолдың жиегіндегі қар деңгейін анықтап, салыстыруды ұйымдастыру.

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскіасалдындагигиеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілусәттерінде көркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу» (сөйлеуді дамыту) .Кезекшілердіңжұмысы (асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою) Тамақтанудағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілер оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүргізу.(дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) .				
Бесін ас	Кезекшілердіңжұмысы (асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау) Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқа рау және тағы басқа	Суретке қарап, киіз үйді құрастыруға мүмкіндікберу. (құрастыру) Дидактикалық ойын.	(қоршаған ортамен танысу) Орман жануарлары бейнеленген суреттерді қарату, жануарлардың	Ермексаздан құм сағатын мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. (мүсіндеу)	(сурет салу, мүсіндеу, Балалардың қалауы бойынша әрекет түрлерін таңдату.	Суретке қарап, киіз үйді құрастыруға мүмкіндікберу. (құрастыру) Ермексазбен еркін

әрекеттер)	«Сәйкесін тап» әртүрлі киматерточкалар арқылы (қоршаған ортамен танысу)	отбасы мүшелерін таныстыру Қазақ халқы ою-өрнектерді жасағанда осы жануарларға қарап жасағанын түсіндіру. Дидактикалық ойын. «Сәйкесін тап»	Күн тәртібі бейнеленген суретті бояту. (сурет салу) Мен қазақпын әнін айтуда, сөздерін анық айтуын қалыптастыру. (көркем әдебиет)	Ұлпалардың суретін салу, ермексиз және түрлі түсті қағаздармен шығармашылық жұмыстарды орындату. Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру.	әрекеттер жасату. (мүсіндеу) Кітаптардан ұлттық қол өнер туындыларын көрсетіп таныстыру.
Балалардың үйге қайтуы	Ұлттық қол өнер туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну. Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру.				

Желтоқсан айы 2022жыл 4 апта

«Жұлдызша» ересек тобы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 26.12.2022	Сейсенбі 27.12.2022	Сәрсенбі 28.12.2022	Бейсенбі 29.12.2022	Жұма 30.12.2022
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасы туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру				
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Шуақ шаша алтын таңда, Мөлдір таза ауада. Табиғаттың бәрі оянады. Қайырлы таң балалар! Сәлем бердім саған елім! Тал бесігім туған жерім. Сәлем бердім бәріңізге! Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыста қанша ай бар? Атап беріңдер? Жарайсыңдар				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка

	Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін суреттер арқылы қалыптастыру. Топтағы мерекеге дайындықты байқату. Ертеңгіліктерге жаттап жүрген әндерін тақпақтарын естеріне түсіріп айтқызу. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін оқып беру. Өз бетінше рөлді таңдап, сомдауға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Ертегі желісі бойынша қалаған жануарының мүсінін жасату. (мүсіндеу)	«Үш торай» мультфильмін тамашалату. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту (көркем әдебиет) Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салдырту (сурет салу).	Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұп пен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең емес ететін анықтай білуді үйрету. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ға жайып қалтадан ойыншықтар шығару, балалар топтан соның жұбын табады.	«Ертең жаңа жыл» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі жаңа жылға дайындығы, аяз атадан алған және алатын сыйлықтары туралы өз ойларын толық сөйлеммен жеткізе білу дағдысын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) Шыршадағы ойыншықтарды санау, олардан қандай жиындар жасауға болатынын анықтау. Бірдей сандарды ойыншықтарды табу. (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Музыка залына барып жаңа жыл мерекесіне қойылған шыршаны тамашалау. Осында	Қоғамдық орындардағы (қоршаған ортамен танысу)	Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейі	Далада не бар? Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданы	Балалардың сұранысы бойынша кітап оқып беру. (көркем әдебиет)

	ертеңгілікке келетіндерін айту. Қар бетінде таяқпен жолдар салу. Аяқтарының іздерін бақылату. (сурет салу) Қимылды ойын «Поезд» 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Балабақша ауласындағы ағаштарды, құстарды санату. (математика негіздері)	мделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі імаусымға тән көріністерді: қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігін ұғындыру (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	луы туралы түсініктерін кеңейту. Қардың ауырлығын анықтау. Қарды шелекке салу. (қоршаған ортамен танысу) (құрастыру) Табиғи заттардан (қардан) әр түрлі құрылымдар құрастыртуды дамыту (құрастыру) Қимылды ойын «Өз түсінді тап»	Ауладағы ағаштарды санау, бақылау, салыстыру, қарларын түсірткізу (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Трамвай»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).			
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, Тамақтану (өзорнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғысайту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)			
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.			

	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Жаңа жыл туралы ертегілер оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балаларды топты безендіруге қатыстыру үшін топты безендіруге арналған заттардың үлгісіне қарап орталықтарға бөлініп іс әрекеттер жасату. (мүсіндеу, сурет салу, жапсыру) жаңа жыр әнін айтқызу (музыка)	негіздері) Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындық, тақпақтарын, әндерін қайталау. Ертегіні рөлге бөліп сомдату. (көркем әдебиет)	Топтағы көліктерді санату, салыстыру. жиын жасату. (математика негіздері) Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасату. (мүсіндеу, жапсыру)	Шырша бұтақтарынынан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру)	(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Шырша ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық)
Балалардың үйге қайтуы	Жаңа жыл туралы әңгімелесуді ұсыну. Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойында болған қызықты сәттерді әңгімелеу.				